| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | **Д/О: «Не артық?»**<br>Мақсаты: Балаларды қауіп қатердің алдын алуға, өмірге қауіп төндіретін заттарды тануға, олардың денсаулығымызға, өмірімізге төндіретін қатерін түсіне білуге үйрету. Ойынның жүрісі: Балаларға карточкаларды ұсыну немесе суреті төмен қарап тұрған карточкалардан таңдатып, ондағы заттардың ішіндегі артық затты ату, | Д/О: **"Суретті бүкте"**<br>**Мақсаты**: өрт кезіндегі тәртіп ережелері туралы білімдерін бекіту. Қиялын, логикалық ойлауын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** бала өрт кезінде бейнеленген жағдаймен 8-10 бөлікке кесілген суретті бүктеуі керек.**(Қауіпсіздік дағды)**<br><br>Тақырыбы: Айтыс | Д/О: **"Оны ретке келтір"**<br>**Мақсаты:** Балаларды өрт кезіндегі іс-қимыл тәртібімен таныстыру.<br>**Ойын барысы:** суреттері бар карточкалар қолданылады:<br>• Өрт туралы "01" телефонына хабарлама;<br>• Адамдарды эвакуациялау;<br>• Өрт сөндірушілер келгенге дейін ересектердің өртті сөндіруі, егер бұл қауіпті болмаса**;**<br>• Өрт сөндірушілердің кездесуі;<br>• Өрт сөндірушілердің жұмысы; | Д/О: **"Егер өрт шықса"**<br>**Мақсаты:** балалардың өртті қауіпсіз пайдалану ережелері туралы білімдерін бекіту.<br>**Ойын тапсырмасы:** балаларды жұмбақ өлеңді аяқтау үшін рифмаға үйрету.<br>**Ойын ережелері**: балалар қол ұстасып шеңбер құрады, оның ортасында қолында шар (доп) бар Тәрбиеші тұрады. Ол өлең жолдарын айтады және соңғы сөзге кідіріп, допты (допты) балаға береді, ол сөзді тез аяқтап, допты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | неліктен артық екенін сұрау. **(Қауіпсіздік дағды)**<br><br>Тақырыбы:Қарлығаш пен Дәуіт (ертегі)<br>Мақсаты:еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру<br>**(көркем әдебиет)**<br><br>Тақырыбы:Ұлттық ою-өрнек<br>**Сурет салу**<br>Мақсаты:Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу<br><br>**Мүсіндеу**<br>Мақсаты:Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау<br><br>**Жапсыру**<br>Мақсаты:Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз | Мақсаты:Шешендікке, сөз өнеріне баулу<br>**(көркем әдебиет)**<br><br>Тақырыбы:Киіз үйдің жабдықтары<br>**Сурет салу**<br>Мақсаты:Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу.<br><br>**Мүсіндеу**<br>Мақсаты:Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу.<br><br>**Жапсыру**<br>Мақсаты:Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру<br><br>**Құрастыру**<br>Мақсаты:Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (киіз үйдің жабдықтары,), таныстыру, олардың қандай материалдан жа-салғанын зерттеу | Балалар карточкаларды қажетті тәртіпте орналастырып, оларда бейнеленген іс-әрекеттер туралы сөйлесуі керек.<br>**(Қауіпсіздік дағды)**<br><br>Тақырыбы:Жаңытпаштар<br>Мақсаты:халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру<br>**(көркем әдебиет)**<br><br>Тақырыбы:Күбі, мес, келі<br>**Сурет салу**<br>Мақсаты:Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу.<br><br>**Мүсіндеу**<br>Мақсаты:<br>Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау<br><br>**Жапсыру**<br>Мақсаты:Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту.<br><br>**Құрастыру**<br>Мақсаты:Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі,) таныстыру, олардың қандай материалдан жа-салғанын зерттеу | тәрбиешіге қайтарады. **(Қауіпсіздік дағды)**<br><br>Тақырыбы:Көктем сәні (ертегі)<br>Мақсаты:Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға<br>**(көркем әдебиет)**<br><br>Тақырыбы:Тұрмыстық заттар<br>**Сурет салу**<br>Мақсаты:Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту<br><br>**Мүсіндеу**<br>Мақсаты:Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау<br><br>**Жапсыру**<br>Мақсаты:Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.<br><br>**Құрастыру**<br>Мақсаты:тұрмыстық заттарымен (тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жа-салғанын зерттеу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту.<br><br>**Құрастыру**<br>Мақсаты:Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ертұрман), таныстыру, олардың қандай материалдан жа-салғанын зерттеу | | | |
| Балалармен жеке жұмыс | | Жарқырап тұр күніміз<br>Жайқалсын жас гүліміз,<br>Бақта бұлбұл сайрасын.<br><br>Сәнді көктем нұрымен<br>Наурыз тойы - жырымен<br>Көңіл гүлдей жайнасын.<br>(Ә. Табылдиев)<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>МАҚСҰТ АЙША | **Дидактикалық ойын. "Қарама-қарсы сөздер" (уақыт).**<br>Балаларды айнйладағы адамдар, заттар мен құбылыстардың қасиеттері туралы білімдерін тереңдету, тиянақтау; ой шапшаңдығына, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; сөздік қорды байыту; эрудиция қабілеттеріне тәрбиелеу.<br>Шарты.Балалар педагог ұсынған әрбір сөзіне қарама-қарсы сөздерді атап отыруы тиіс.<br>- Таңертең - (кешке).<br>- Кеше - (ертең).<br>- Жазда - (қыста).<br>- Түнде - (күндіз).<br>- Күн - (түн).<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)**<br>ДАНИЯРҚЫЗЫ БЕГІМІМ | **Дидактикалық ойын. "Аталған дыбыстың сөз құрамындағы орнын тап".**<br>Балалардың фонематикалық есту қабілеттерін, зейін, ойлау, елестету қабілеттерін арттыру; кез келген сөздің дыбыстық құрамы кестесіне қарап, аталған дыбыстың орнын табуға жаттықтыру; сөздік қорды байыту.<br>Ойынның екінші күрделенген нұсқасы.<br>Белгісіз сөздердің дыбыстық құрамдары кестелері ұсынылады. Балалар кез келген кестеге қарап, сөздерді құрамына салып, педагог атаған дыбыстың орнын табады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>КАДИРХАН ЕЛДОС | **«Әліппе-лотосы».**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Өткен дыбыстарды қайталата отырып, есте сақтау қабілетін арттыру. Сөз, сөйлем құрауға дағдыландыру.<br>Ойынның барысы.<br>Әріп текшесі қапқа салынады. Ойынға қатысушыларға карточкалар үлестіріліп беріледі. Ойын бастаушы қапшықтан текшелерін алады, әріпті ойынға қатысушыларға кезекпен береді. Карточкадағы әріпке сәйкес келсе, үстіне қояды. Карточканы кім бұрын жауып аяқтаса, сол жеңіске жетеді.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>АБДІМАНАП РАЯНА |
| Серуенге дайындық | Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. | | | | |
| Серуен | . | Сутоғанды бақылау | Топырақты бақылау | Бақбақ гүлін бақылау Мақсаты: | Жолжелкенді бақылау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Мақсаты: мұздың қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.<br>Бақылау барысы<br>Күн өткен сайын көктем қысты ысырып, өз жылуын алып келуде. Көктемнің ең бірінші жеңісі-жерді жібітеді. Алдымен қары еріген алаңқайлар пайда болады, өгей шөптер өсіп шығады. ал, екінші жеңісі-өзен-көлдердің ери бастауы. Жердегі, қар үйінділеріндегі қарлар еріп, сай-саланы қуалап, өзенге барып құяды. Өзен сулары көтеріліп, мұзды жарады. Жарылған мұздар ағыспен бір-біріне соқтығады. Мұздар жарылып, өзендер арнасынан асқан кезде ауа температурасы кенет төмендейді. Ал, сутоғандардағы мұздар ұзақ уақыт тұрады. Себебі онда ағыс жоқ, су қозғалмайды. Бұл жерде мұздар жарылмайды, біртіндеп ериді.<br>Зерттеу жұмысы.<br>Сутоғандағы мұздың қалыңдығын мұз өлшегіш құралмен өлшеу. Тоған бетіндегі мұздың еруін бақылау<br>Еңбек Ауланы қоқыстан, сынған бұталардан тазалау.<br>Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын «Қасқыр | Мақсаты: торф топырағының қыртысымен таныстыру .<br>Бақылау барысы<br>Біздің айналамызда шалшық көп. Ал, шалшықтар торфқа (шымтезек) бай болады. Торф-бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын.ол қатты қызған кезде тез тұтанады.<br>Торф дымқыл, жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол ауыр. Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф үстімен өтсең, ол аяққиіміңе жабысып қалады. Сондықтан да бұндай соқпақпен (жолмен( жүрмеген дұрыс.<br>Торфты атызға (жүйек) және ағаш түптеріне тыңайтқыш ретінде қосады..<br>Зерттеу жұмысы<br>Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін салыстыру.<br>Құммен торфты салыстыру;<br>Жер қыртысы қай жерде тез кебеді.<br>Еңбек<br>Ағаш түптері мен атызға торф тасу.<br>Мақсаты: торфтың пайдалы қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.<br>Қимылды ойын «Аққу-қаздар».<br>Мақсаты: берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау. Жаттығу ойыны Секіргіш жіппен жаттығу ойындары.<br>Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету. | бақбақ гүлі туралы білімдерін тиянақтау (гүлдеудің алғашқы кезеңіне көңіл аудару ); — табиғатты қорғау және сақтауға деген ынталары мен іскерліктерін қалыптастыру; — емдік өсімдіктер туралы білімдерін тиянақтау.<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз.<br>Аппақ, аппақ бақбақтар,<br>Үлбіреген бақбақтар,<br>Құдды киіз ақ үйлер.<br>Парашюттен аумайды.<br>Төнеді кеп жан-жақтан,<br>Сәл-пәл самал жел соқса,<br>Тамашалап сәбилер.<br>Ақ ұлпалар заулайды.<br>Кәдімгі бақбақ көктемнің тұңғышы. Халық оны «Жер күні», «денсаулық эликсирі» деп атайды. Бақбақ көп жылдық шөптес өсімдік. Олар көбінесе үлкен жүргінші жол бойында, егістікте, шабындықта, жаңа тыңая бастаған жерлерде өседі.<br>Бақбақтың гүлді сабақтары жапырақсыз, ең ұшында бір ірі гүл табақшасы болады. Бақбақ басын күн қызуына қарай бұрады. Күн батқан кезде гүл жапырақтары жабылып қалады, ал, таңертең күн сәулесімен бірге ашылады. Бақбақ-тың гүл оралғысы екі қабат. Сәуір айынан қыр-күйек айына дейін гүлдейді. Гүл жарып болған кезде гүлдері ұлпа үлпілдек «парашюттерге» ай-налады.<br>Бақбақтың барлық бөлігі, әсіресе сабағы сүт сымаққа бай. Бақбақ дәрілік өсімдік. Дәрі жасау үшін бақбақтың тамырын, | Мақсаты:емдік өсімдіктер туралы түсініктерін қалыптастыруда танымдық белсенділіктерін дамытуды жалғастыру. Жолжелкеннің ерекшелігі мен емдік қасиеті туралы білімдерін молайту.<br>Бақылау барысы Тәрбиеші әңгімесі -Жолжелкен қазақстанның барлық жерінде өседі. Көше бойлап келе жатсаң жол жиегінде, өзен бойы, шалғындық алқаптарда көптеп кездеседі. Сондықтан да болар бұл өсімдікті «жолжелкен» деп атайтыны. Адам аяғы баспайтын жерлерде жолжелкенді кездестірмейсің. Күзде жолжелкеннің гүлдері тұқым шашқан кезде, ол аяққиімге жабысып барып, басқа жерлерге дәннің түсуіне байланысты, кез келген жерде өсіп шығады. Жолжелкен маусымнан қыркүйек аралығында гүлдейді. Оның жапырақтарын маусым, шілде айларында жинайды. Жолжелкеннің жапыраған сабағымен қоса бүлдірмей алып, көлеңке жерде кептіреді. Жолжелкеннің жапырақтары дене сыртындағы аққан қанды тоқтатуға, күйген жараға, іріңді ісікке, шиқанға қолданылады. Жолжелкеннің шырынын жәндіктер шаққан жерге, асқазан ауруына, шаншуға, мұрыннан қан аққанда және дизентерияға пайдаланады. Балаларға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қақпан»<br>Мақсаты: — белгі бойынша әрекет етуге үйрету; — ойын шартын сақтап ойнауға баулу;<br>Жаттығу ойыны<br>Ұзындыққа секіру.<br>Мақсаты: ұзындыққа секіруге жаттықтыру. | Мақал-мәтел:<br>Жері байдың-елі бай.<br>Қара жерге де, қамқорлық керек. | гүлін, жапырағын пайдаланады. Бақбақтан жасалған дәрілер тәбетті ашуға, ас қорытуға, қан қысымын түсіруге, қатты ісіктерді басуға, ыстықты түсіруге тағы басқа көптеген ауруларды емдеуге пайдаланады. Бақбақты ең қажет дәрілік өсімдік ретінде сақтап, қорғау керек. Балаларға сұрақтар.<br>♦ Бақбақ гүлінің түрі қандай??<br>♦ Ол жылдың қай мезгілінде әдемі болып көрінеді?<br>♦ Бақбақтың қандай лақап аттары бар?<br>♦ Бақбақты неге дәрілік өсімдік дейміз?<br>Зерттеу жұмыс:<br>Бақбақтың сабағын кесіп, сүт сияқты сұйықты қарау. Еңбек. Гүл егілген алаң айналасын тазалау.<br>Мақсаты:Үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын «Өз гүліңді тап».<br>Мақсаты: — түстерді айыра білуге, белгі бойынша әрекет етуге үйрету.<br>Жаттығу ойыны.<br>Қимылдарын дамыту<br>Мақсаты:- Қимыл белсенділіктерін арттыру; - Ұзындыққа секіруге жаттықтыру. | сұрақтар:<br>♦ Мамыр айын халықта қалай атайды? (шешек айы) ♦ Өсімдіктер қай жерде бар да, қай жерде жоқ? (күннің көзі көп түскен жерде бар)<br>♦ Көлеңке, ылғал жерлерге әлі шөп шықпаған, неге? (өйткені ло жер әлі салқын)<br>♦ Мамыр айындағы жаңбырдан соң шөптерде қандай өзгерістер болады? (олар бұрынғыдан да жасылдана түседі)<br>♦ Мына өсіп тұрған өсімдік қалай аталады? (жолжелкен)<br>♦ Оны неге олай атаған?<br>♦Жолжелкеннің қандай көмегі бар, кім біледі? Зерттеу жұмысы Лупа арқылы жолжелкен жапырақтарын қарау, ерекшеліктерін табу. Өгейшөппен жолжелкеннің айырмашылық-тары мен ұқсастықтарын айыру.<br>Еңбек: Ойын алаңын тазалау.<br>Мақсаты: бірлесе еңбек етуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын: «Бәйге».<br>Мақсаты: жеңіске деген құштарлықтарын арттыру, жылдамдықтарын дамыту.<br>Жаттығу ойыны: Дыбыстар арқылы жүру<br>Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау, берілген дыбыс ырғағына қарай қимыл жасау.<br>Мақал-мәтел:<br>Дана көптен, дәрі шөптен.<br>Құнарлы шөп, қосымша сүт. |
| Балалардың үйге қайтуы | | Ата-аналарға кеңес: «Бала мен балабақша» | Ата-анамен балалардың тәртібі жөнінде сөйлесу | Ата-аналарға баланың тазалығы туралы айту | Кеңес:<br>«Жол жүру ережесін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | сақта!». |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы:ЖШС «Лаяна»балабақшасы

Топ:**»Радуга» ересек тобы**

Балалардың жасы - **4 жастағы балалар**

**Жоспардың құрылу кезеңі: 18.05-22.05.2026 жыл**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Д/О «Құбылыстар, оқиғалар» Мақсаты:бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. (**Тіл дамыту**) | Д/О «Ертегі әлемі» Мақсаты:Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. (**Тіл дамыту**) | Д/О «Ертегі әлемі» Мақсаты:Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. (**Тіл дамыту**) | Д/О «Асатаяқ, домбыра» Мақсаты:Дауысты , дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту; ақырын, жылдам сөйлеу. (**Тіл дамыту**) | Д/О «Құбылыстар, оқиғалар» Мақсаты: бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. (**Тіл дамыту**) |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Балалардың өз балабақшаларына деген ыстық сезімдерін дамыту. Балабақшада қызмет істейтін апайларға құрмет көрсетіп, топта тазалық сақтай білу сияқты әдептілік дағдыларын қалыптастыру | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | "Қамшы өру" ойыны Қол моторикасын жетілдіру, ұлттық мәдениетті таныстыру. **(Адал азамат)**<br><br>Д/О «Геометриялық денелер» Мақсаты:Балаларды геометриялық денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу (**Математика негіздері**)<br><br>Д/О «Жануарлар әлемі» Мақсаты:Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: жазда көбелектер, қоңыздар, инеліктер, құстардың | «Балалар кітапханасы» жобасы аясындаға балалар кітапханасы **(Адал азамат)**<br><br>Д/О «Кеңістік бағыттары» Мақсаты:Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), (**Математика негіздері**)<br><br>Д/О «Жәндіктер» Мақсаты:Жәндіктер туралы (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа), қыстап қалатын және жыл құстары туралы ұғымдарын кеңейту (**қоршаған әлеммен** | Ою өрнек трафаретімен ойын. ұлттық құндылық, **(Адал азамат)**<br><br>Д/О «Салыстыр» Мақсаты:заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). (**Математика негіздері**)<br><br>Д/О «Табиғатта қарапайым тәртіп ережелері» Мақсаты:қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от | Асық ойындары Жіпке тізу. Түстерді ажырату. **(Адал азамат)**<br><br>Д/О «Тәулік бөліктері» Мақсаты:Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту (**Математика негіздері**)<br><br>Д/О «Эксперемент» Мақсаты:ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін | «Балалар кітапханасы» жобасы аясындаға балалар кітапханасы **(Адал азамат)**<br><br>Д/О «Тәулік бөліктері» Мақсаты:Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту (**Математика негіздері**)<br><br>Д/О «Бақылау күнтізбесі» Мақсаты:Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну. (**қоршаған ортамен таныстыру** ) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көбеюін салыстыру, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау. (**қоршаған әлеммен таныстыру** )<br><br>Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене тәрбиесі құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. | **таныстыру** )<br><br>Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. | жақпау). (**қоршаған әлеммен таныстыру** )<br><br>Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру.<br>Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру. | анықтау. (**қоршаған әлеммен таныстыру** )<br><br>«Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған ісәрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдыналуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту. | Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу. |
| Таңертенгі жаттығу | **Таңертенгі жаттығу / затсыз**<br>1. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу.<br>2. Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты).<br>3. Оңға, солға еңкею, шалқаю.<br>4. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, төмен түсіру.<br>5. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру.<br>**6.** Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру.<br>**7.** Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру.<br>**8.** Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бір қырымен жүру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру. **Дене тәрбиесі** | | | | |
| Таңғы ас | Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | **Д/О: "Үкілер мен қарғалар"**<br>Мақсаты: балалардың қоршаған әлем туралы түсініктерін тексеру және бекіту.<br>Ойын барысы: Балаларды екі командаға бөлу керек: "Үкі" және "Қарға". Екеуі бір-біріне қарама-қарсы қатарда 3 метр қашықтықта, үйінің артында, сонымен қатар 3 метр | **Д/О: "Өз ағашыңды тап"**<br>Мақсаты: қоршаған ортаны білуге, онымен тікелей қарым-қатынас жасау тәжірибесін пайдалануға мүмкіндік беру (табиғатта жүзеге асырылады).<br>Ойын барысы:<br>Тәрбиеші бір баланың көзін байлап, айналасына бірнеше рет айналдырып, әлдебір ағашқа апарады. Бала бұл | **Д/О: "Менің кім екенімді тап".**<br>Мақсаты: балалардың шығармашылық, еліктеу қабілеттерін дамыту.<br>Ойын барысы:<br>Тәрбиеші бір баланы таңдап, оның құлағына жануардың атын айтады және оны басқа балалар оның кім екенін болжайтындай етіп бейнелеуді ұсынады, бірақ | **Д/О: "Араластырыңыз және байланыстырыңыз"**<br>Мақсаты: балаларды табиғи нысандардың ұсақ бөлшектерін байқауға үйрету, бақылау дағдыларын дамыту.<br>Ойын барысы:<br>Тәрбиеші барлық балаларға аттас табиғи нысандарды (мысалы, | **Д/О: " Ғажайып дорба".**<br><br>Мақсаты: балалардың тактильді сезімдерін, қиялдары мен қиялдарын дамыту.<br>Материалдар мен жабдықтар: бүйірлерінде екі тесігі бар сөмке, оған балалар қолдарын сала алады. Бұл қапқа сабақтың тақырыбына байланысты әр түрлі табиғи материалдар салынады. **(Экологиялық тәрбие)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қашықтықта тұрады. Тәрбиеші тапсырма береді: "Үкілер" шындықты жақсы көреді, "Қарғалар" өтірік, сондықтан мен шындықты айтсам, "Үкілер" "Қарғаларды" ұстауы керек. "Қарғалар" үйлеріне қашады және керісінше. **(Экологиялық тәрбие)**<br><br>Д/О «Кәсіпшілік атаулары» Мақсаты:Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байла-нысты-лығын түсіндіру. Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын бала-лардың өздеріне айтқызу. **(қазақ тілі)**<br><br>Д/О «Көңілді әуен» Мақсаты:мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру. (**музыка**) | ағашты сезіну арқылы зерттеуі керек. Оқу барысында Тәрбиеші жетекші сұрақтар қояды **(Экологиялық тәрбие)**<br><br>Д/О«Кәсіпшілік атаулары» Мақсаты:Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу. **(қазақ тілі)**<br><br>Д/О «Музыкалық аспаптары» Мақсаты:Ағаш қасықтармен қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. (**музыка**) | жүргізуші дыбыс шығармауы керек. Басқа нұсқаны қолдануға болады, мұнда балалар тобы жануарлар әлемінің өкілін бейнелейді, ал жүргізуші бала кімнің кім екенін болжауы керек. **(Экологиялық тәрбие)**<br><br>Д/О Келе бер, көктем (Н. Мұқатов) Мақсаты:Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. **(қазақ тілі)**<br><br>Д/О«Музыкалық аспаптары» Мақсаты:Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. **(музыка)** | үйеңкі жапырақтары) таратады. Балалар оларды жақсылап қарап, содан кейін үстел сияқты бір жерге жинауы керек. **(Экологиялық тәрбие)**<br><br>Д/О «Қайырымды қоян» (ертегі) Мақсаты:Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру. **(қазақ тілі)**<br><br>Д/О«Музыкалық аспаптары» Мақсаты:асатаяқ, домбыра, қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. (**музыка**) | Д/О «Ауылда» (Н. Қадырбаев) Мақсаты:Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің ісәрекетіне өз ойын білдіруге баулу **(қазақ тілі)**<br><br>Д/О«Музыкалық аспаптары» Мақсаты:барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. (**музыка**) |
| ББҰкестесі бойынша ұйымдастырылған іс әрекет | **Музыка**<br>**Тақырыбы: «До – ре – ми»**<br>**Мақсаты:** Балаларды музыкадағы бейнелерді, әнді тыңдау арқылы ажырата білуге үйрету. Тыңдау қабілеттерін арттыру.<br>**1.Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.** Музыкалық жетекші әнді | **Музыка**<br>**Тақырыбы: «Үлкен – кішкентай»**<br>**Мақсаты:** Балаларды ұзақ қысқа дыбыстарды білуге үйрету. Музыканың ритмін сезінуге баулу.<br>**1. Балалар музыка залына қолдарына жалауша алып көңілді маршпен кіреді.** Музыкалық жетекші | **Дене тәрбиесі**<br>**Жүру және тепе-теңдік сақтау жаттығулары.**<br>**Мақсаты:**Құрсаудан құрсауға өтуге үйрету;модульге немесе гимнастикалық скамейкаға көтерілуге және одан түсуге үйрету. Еденнен 12–18 см жоғары көтерілген арқаннан немесе таяқтан аттап жүру. | **Дене тәрбиесі**<br>**Домалату, лақтыру.**<br>**Мақсаты:** Допты шағын төбешіктен домалату; допты тәрбиешіге, балаға домалату және лақтыру; допты алға, жоғары лақтыру, бала кеудесінің деңгейінде тартылған лентадан допты асыра лақтыру. | **Дене тәрбиесі**<br>**Жүру және тепе-теңдік сақтау жаттығулары.**<br>**Мақсаты:** Педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру, қарқынды өзгерте отырып жүру, бағытты өзгерте отырып жүру, жүруден жүгіруге ауысу, Алақан мен тізеге тіреле, тура бағытта еңбектеу. Берілген белгіге көңіл |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орындап береді және балалардан сол әнге байланысты суретті таңдап көрсетулерін өтінеді. Бала неге сол суретті таңдап алғанын, ол суретте ненің бейнеленгенін, әннің не туралы айтылып тұрғанын айтып береді.<br>**2. Музыкалық-ырғақты қимыл:**<br>**Лентамен жаттығу.**<br>1.Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру, қайта түсіру.<br>2.Қолды жоғары көтеріп денені оңға , солға иілту.<br>3.Лентаны жоғары көтеріп орындарында тұрып айналу. | балаларға әуенді тыңдатқызып, жолда кімнің келе жатқанын тыңдатқызып сол адамның жүрісін қолдарымен шапалақ ұру арқылы көрсетуді ұсынады.<br>Үлкен адамның жүрісі – ұзақ шапалақ.<br>Баланың жүрісі – қысқа шапалақ.<br>**2. Музыка тыңдау**«Тұлпарым».<br>**3. Ән айту**«Қуыр-қуыр-қуырмаш»<br>Әннің мәтінін үйрету.<br>**4. Музыкалық-ырғақты қимыл:**<br>**Лентамен жаттығу.**<br>1.Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру, қайта түсіру.<br>2.Қолды жоғары көтеріп денені оңға , солға иілту.<br>3.Лентаны жоғары көтеріп орындарында тұрып айналу. | **ЖДЖ:** Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму.<br>**Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:**<br>1. Бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен шеңбер бойынша, аяқтың ұшыменжүгіру.<br>**Ойын:** «Маған қарай еңбекте» ойынын ойнау.<br>**Қорытынды:** Тыныс алу жаттығуын орындау. | Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>**ЖДЖ:** Тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою.<br>**Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:**<br>1.Бірнеше доға астынан еңбектеу.<br>2. Допты қақпа арқылы домалатуды қайталау.<br>**Ойын:** «Апандағы аю» ойынын ойнау.<br>**Қорытынды:** «Денені еркін ұста» баяу әуен ырғағымен демалу. | аударуға дағдыландыру. Табан, тізе бұлшықеттерін нығайту.<br>**ЖДЖ:** Тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою.<br>**Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:**<br>1. Алақан мен тізеге тіреле, тура бағытта еңбектеу.<br>**Ойын:** «Қояным, қояным тұршы» ойынын ойнау.<br>**Қорытынды:** «Бокс» тыныс алу жаттығуы<br><br>**Қазақ тілі**<br>**«Отбасылық мерекелер»**<br>**Мақсаты**:Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт дәстүрлер туралы айтуға баулу |
| 2- таңғы ас | Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын, майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. | | | | |
| Серуенге дайындық | Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. | | | | |
| Серуен | Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау. | | | | |
| | Жәндіктерді бақылау<br>Мақсаты: «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау; — Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. Бақылау барысы<br>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: -<br>Гүлдің нәрін жинайды,<br>Адамға бал сыйлайды. | Ауа-райын бақылау<br>Мақсаты:Көктем мезгілінің аяғына қарай өлі табиғатта-ғы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру.<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз. А.Меңдібай<br>Мамыр айы келгенде, Дала гүлге толады. Жайнап | Гүлзарды бақылау Мақсаты:<br>— Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту; — Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақтау; — Табиғатты сүюге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу.<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді<br>♦ Қандай үй гүлдерін | Велосипедті бақылау<br>Мақсаты: велосипедтің қажеттілігі туралы білімдерін тиянақтау.<br>Бақылау барысы<br>Балаларға жұмбақ жасыру Бірде екі дөңгелекті, Бірде үш дөңгелекті. Қажет кезде онымен, Қызыққа да батасың, Артып алып | Құмырсқаларды бақылау<br>Мақсаты: — Құмырсқалар туралы білімдерін тиянақтау; — Зерттеу жұмысына деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Бақылау барысы Көркем сөз «Құмырсқа» Г. Өкеев Құжынаған құмырсқа, Үйымшыл-ақ өздері. Шығады ерте жұмысқа. Жүкпен қайтып қашықтан, Нелер шебер табылып, Илеуіне асыққан. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Еңбекқорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара)<br>- Қанды сорып сүліктей, Ызыңдап кеп шағады. Бұл қандай бүлік дой? (маса) -<br>Ызыңдап ән салып, Жұп-жұқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын)<br>- Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа)<br>- Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді. Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші)<br>Тәрбиеші сұрақтары.<br>♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер)<br>♦ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? (көбелек, құрт т.б<br>♦ Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар)<br>♦ Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады)<br>♦ Жәндіктер қайда тіршілік етеді? (бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.)<br>♦ Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (ара, жібек құрты, құмырсқа).<br>♦ Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа) | барлық атырап, Қызық-думан болады. Бақшамызда біз еккен, Гүл шоқтары гүлдейді. Жапырақтар сыбдырлап, «Қандай көркем, көр»-дейді.<br>Тәрбиеші аулаға ерте көктем көрнісі бейнеленген сурет алып шығып, балалармен әңгіме өткізеді.<br>♦ Балалар, қараңдаршы, мына суретте жылдың қай мезгілі суреттелген? (көктем).<br>♦ Ал, сендер суреттен не көріп тұрсыңдар? (қар еріп жатыр,жер су болып жатыр, балалар құстарға ұя жасап жатыр)<br>♦ Қар неліктен ериді, адамдар неліктен жеңіл киінеді? (күн жылығандықтан)<br>♦ Ал, көктемнің бұл мезгілін қалай атаймыз? (ерте көктем)<br>♦ Ерте көктем мен қазіргі мамыр айындағы табиғат көнісінде, ауа-райында өзгешелік бар ма? Қандай?<br>♦ Қазір аспан көрнісі қандай? (ашық көк)<br>♦ Ағаштар бейнесі қандай болды? (барлық ағаштар жапырағы жайқалып, жап-жасыл болып тұр).<br>♦ Қыста қар жауған кезде ауа температурасы қандай еді?<br>♦ Жаңбыр қандай температурада жауады?<br>♦ Көктемнің соңғы айында табиғатта қандай өзгерістер | білесіңдер?<br>♦ Қандай дала гүлдерін білесіңдер?<br>♦ Олардың қандай айырмашылығы бар?<br>♦ Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге?<br>♦ Сендердің үйлеріңде гүл бар ма? Қандай?<br>♦ Оларды қалай күтесіңдер?<br>♦ Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек?<br>♦ Біздің гүлзарға отырғызуға арнап топта өсіріп жатырған гүлдеріміз қалай аталады?<br>♦ Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек?<br>♦ Осы кезде бізге гүлді неге аулаға отырғызуға болмайды?<br>♦ Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбіл гүлдер бір жылдық деп аталады?<br>Еңбек:<br>Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалау, қопсыту).<br>Мақсаты:<br>— Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау;<br>— Гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру.<br>Қимылды ойын «Қай топ тез жиналады?».<br>Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру.<br>Жаттығу ойыны «Құлап қалма».<br>Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттықтыру.<br>Мақал-мәтел:<br>- Әр гүлдің иісі әр басқа.<br>- Гүл-араға, бал-балаға.<br>- Қызыл гүл көзге алыстан | сөмкеңді, Серуендеп те қайтасың. (велосипед)<br>Балаларға сұрақтар.<br>♦ Балалар, велосипедтер қандай болады? (балаларға және үлкендерге арналған)<br>♦ Олардың қандай айырмашылығы бар? (көлемімен және дөңгелегімен)<br>♦ Велосипед қандай бөліктерден тұрады?<br>♦ Велосипедте жүру қиын ба?<br>♦Қалай ойлайсыңдар, велосипедпен жүру үшін жол ережесін білу керек пе?<br>♦Велосипедтің машинадан қандай айырмашылығы бар ?<br>♦Велосипедпен бір уақытта неше адам жүруге болады ?<br>Еңбек<br>Алаңға баратын жолдарды қоқыстардан тазалау.<br>Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген құлшыныстарын қалыптастыру.<br>Қимылды ойын «Теңге алу».<br>Мақсаты: ептілікке, жылдамдыққа, жеңіске жетуге деген құштарлыққа баулу.<br>Жаттығу ойыны<br>Затты нысанаға лақтыру.<br>Мақсаты: қол күштерін, көз өлшемін, объктіні | Жасайды илеу жабылып. Бәрі еңбекпен шынығар, Жылт-жылт етіп көздері, Ісін тындырып тынығар. Балаларға сұрақтар ♦ Құмырсқалардың адамдарға және орманға қандай пайдасы бар? (зиянда жәндіктерді құртады ♦ Орманның қандай тұрғыны құмырсқа мен оның көбелектерін (личинкаларын) жеуге құмар? (аю мен тоқылдақ)<br>♦ Құмырсқасыз жер болмайды. Құмырсқаларды «ағаш дәрігерлері» деп те атайды. Олар ағаштарды зиянды жәндіктерден қорғайды. Құмырсқалар өте еңбекқор, олар өздерінен бірнеше есе үлкен нәрселерді илеулеріне сүйретіп тасиды. Құмырсқалардың илеуінің тесігі төбесінде болады. Құмырсқалар өз илеуінен ешқашан адаспайды. Неліктен деп ойлайсыңдар. Құмырсқалар өз илеулерін иіскеп жүріп иісінен табады. Әр илеу өз құмырсқаларынан басқа құмырсқаларды жолатпайды. Егер басқа илеудің құмырсқасы бара қалса, оны жабылып шағып тастайды. Әр илеудің өз иісі болады. Құмырсқалар тек қана ағаштардағы құрттардықұртып қана қоймайды, олар құстарға да көмектеседі. Құстар құмырсқаның илеуінің үстіне қанатын жайып отырады, құмырсқалар оларды үстеріндегі биттер мен бүргелерден тазалайды. Құмырсқалардан бөлініп шыққан өткір қышқыл иістен көпке дейін құстарға бит, бүргелер жоламайды. Құмырсқаның қышқылынан дәрі- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ♦ Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды)<br>♦ Зерттеу жұмысы<br>Қанқызын тауып, оның атын атау. Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау.<br>Еңбек:<br>Алаңды қоқыстардан тазалау.<br>Мақсаты: үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын «Аюлар мен аралар».<br>Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу.Ептілікке, жылдамдыққа баулу.<br>Жаттығу ойыны:<br>Қимылдарын дамыту.<br>Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарт | болды?(күн шуағы молайды, гүлдер шықты, шөптер өсті, ағаштар жасыл жапыраққа малынды). Еңбек Кішкентайлар алаңын қоқыстардан тазалауға көмектесу. Мақсаты: кішкентайларға көмектесу, еңбекке деген құлшыныстарын арттыру. Қим. ойын «Үшінші артық». Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту. Мақсаты:<br>— Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру;<br>— Қозғалыс координацияларын сақтау;<br>Мақал-мәтел<br>-Сәуір айы-су айы,<br>Мамыр айы- гүл айы. -<br>Көктемгі жауын артық болмас. | шалынар. | бағдарлай білулерін дамыту.<br>Мақал:<br>Жолда жүрсең, сақ жүр. | дәрмектер де жасайды. Құмырсқалар залалсыз, дәрменсіз жәндік болғандықтан оларға тиіспеуіміз керек.<br>♦ Құмырсқалардың қандай пайдасы бар?<br>♦ Олар өз илеулерін қайда салады?<br>♦қане біздің құмырсқалар қалай жұмыс істеп жүр екен, қарайықшы! (олар өздінің ізімен, бірінен соң бірі илеулеріне қарай ағылуда) Зерттеу қызметі Құмырсқалардың бір жолына құм, бір жолына қант себу. Олардың қалай әрекет ететінін бақылау. Еңбек Ойын алаңын тазалау. Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білулерін жалғастыру. Қимылды ойын «Итеріспек». Мақсаты: — Белгілі бір кеңістікте жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру; — Ұлттық ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту.<br>Мақсаты: оң және сол аяқпен секіруге жаттықтыру. Тыйым сөздер: Құмырсқа илеуін бұзба. |
| Серуеннен оралу | Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. | | | | |
| Түскі ас | Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, қол орамалды пайдалануды үйрету. | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту,<br>сауықтыру шаралары | Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну жетілдіру. Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Бесін ас | Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, қол орамалды пайдалануды үйрету. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Қ/О: **Немен ойнауға болады"**<br>**Мақсаты:** Зейінін, ойлау қабілетін дамыту. Өрт қауіпсіздігі туралы білімдерін бекіту.<br>**Ойын барысы:** балалардың алдында заттары салынған карточка тұр. Жүргізуші заттың атын атап, онымен ойнауға бола ма, жоқ па деп сұрайды. Мүмкін болса, бала затты сары шеңбермен жауып тастайды. Егер мүмкін болмаса – қара. Бұл жағдайда бала неге белгілі бір затпен ойнауға болмайтынын түсіндіруі керек. **(Қауіпсіздік дағды)**<br><br>Тақырыбы:Тұсау кесу (өлең)<br>Мақсаты:халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру (**көркем әдебиет**)<br><br>Тақырыбы:Ауыл шаруашылығы<br>**Сурет салу**<br>Мақсаты:Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.<br><br>**Мүсіндеу**<br>Мақсаты:Мүсінделген | Қ/О: **"Қауіпті заттар – өрт көзі"**<br>**Мақсаты:** балаларды қауіпті заттардың арасынан өрттің жиі шығуына себеп болатын заттарды табуға үйрету. Логикалық ойлауды дамыту.<br>**Ойын барысы:** балаларға жанғыш заттар мен жай қауіпті заттар бейнеленген карточкалар таратылады. Мысалы: шам, үтік, ұшқын, пеш, ара. Өртке қауіп төндірмейтін заттың суреті бар карточканы алып тастау керек. **(Қауіпсіздік дағды)**<br><br>Тақырыбы:Жұмбақтар<br>Мақсаты:жұмбақ шешуге үйрету. (**көркем әдебиет**)<br><br>Тақырыбы: Ауыл шаруашылығы<br>**Сурет салу**<br>Мақсаты:Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу.<br><br>**Мүсіндеу**<br>Мақсаты:Балалардың көлемді пішіндер мен | Қ/О: **"Ошақтағы от"**<br>**Мақсаты:** реакция жылдамдығын,ептілігін, кеңістіктегі бағдарын, зейінін, төзімділігін дамыту; батылдық сезімін, тәртіптілікті, жеңіске деген ерік-жігер мен ұмтылысты, күнделікті өмірде өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастыру.<br>**Ойын барысы**:<br>ойыншылардың бірі Отты бейнелейді (жартылай маскада). Ол өз ошағынан шығып, қалған ойыншыларды айналып өтеді.<br>ӨРТ. Мен отпын, маған тиіспе!<br>ойыншылар (жауап ретінде) Сіз неге пештен кетіп қалдыңыз,<br>Біздің жауымызға айналдыңыз ба?<br>**(Қауіпсіздік дағды)**<br><br>Тақырыбы: Ертегі әлемі<br>Мақсаты:Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға<br>(**көркем әдебиет**)<br><br>Тақырыбы:Көктем<br>**Сурет салу**<br>Мақсаты:Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан | Қ/О: **"Отты айдаһар"**<br>**Мақсаты**: дене тәрбиесі дағдыларын жетілдіру, адымдап жүру, жорғалау; реакция жылдамдығын,ептілігін, батылдығын дамыту.<br>**Ойын барысы**:<br>ойыншылар шеңберге тұрады, қол ұстасып, шеңбер бойымен адымдап жүреді, әр адым сайын "От –айдаһар, шық!" дейді.<br>Ұйықтап жатқан Айдаһар шеңбердің ортасында жатыр. Айдаһар орнынан тұрып, бойын түзеп, қызыл ленталармен ("жалын тілдері") кеуде биіктігінде бұлғап тұрғанда, ойыншылар шашырап кетеді.<br>**(Қауіпсіздік дағды)**<br>Тақырыбы: Ертегі әлемі<br>Мақсаты:еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру.<br>(**көркем әдебиет**)<br><br>Тақырыбы:Жануарлар, құстар<br>**Сурет салу** | Қ/О: **"Су және от"**<br>**Мақсаты:** реакция жылдамдығын,ептілігін, зейінін, қимыл-қозғалысын үйлестіруді дамыту; достық сезімін қалыптастыру.<br>**Ойын барысы**:бір-бірінен 10 метр қашықтықта екі сызық сызылады. Бір қатарда қыздар (Су), екіншісінде ұлдар (От) сапқа тұрады, олардың арасына апарады.<br>"От!" командасы бойынша ұлдар қыздарды, "Су" командасы бойынша қыздар ұлдарды ұстайды (өртті сөндіреді). Қалғандары жау командасына ауысады. **(Қауіпсіздік дағды)**<br><br>Тақырыбы:Айтыс<br>Мақсаты:айтыс өнеріне баулу.<br>(**көркем әдебиет**)<br><br>Тақырыбы: Ауылда<br>**Сурет салу**<br>Мақсаты:Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.<br><br>**Мүсіндеу**<br>Мақсаты:Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету<br><br>**Жапсыру**<br>Мақсаты:Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру<br><br>**Құрастыру**<br>Мақсаты:Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) заттардан құрастыру. | қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру<br><br>**Жапсыру**<br>Мақсаты:Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану<br><br>**Құрастыру**<br>Мақсаты:қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. | сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу.<br>Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.<br><br>**Мүсіндеу**<br>Мақсаты:Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынта-ландыру<br><br>**Жапсыру**<br>Мақсаты:Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру<br><br>**Құрастыру**<br>Мақсаты:Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру | Мақсаты:Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу<br><br>**Мүсіндеу**<br>Мақсаты:Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету.<br><br>**Жапсыру**<br>Мақсаты:Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету.<br><br>**Құрастыру**<br>Мақсаты:Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау. | **Жапсыру**<br>Мақсаты:Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**Құрастыру**<br>Мақсаты:Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. |
| Балалармен жеке жұмыс | **«Игі істер қоржыны»**<br>Түрлі-түсті қағаздан дөңгелектерді немесе жүрекшелерді қиып алуға болады. Әр күннің соңында балаға «қоржынға» бүгін қанша игі істер жасаса, сонша дөңгелек салу ұсынылады. Бала қиналған жағдайда, оған көмектесу керек. Мұндай ойын баланы игі істер жасауға ынталандырады.<br>ӨМІРБЕК ЗЕРЕ | **Ілияс Жансүгіров «Домбыра» өлеңін жаттау**<br>Тарт күйіңді, домбыра!<br>Төгіл, төгіл тәтті күй,<br>Тау суындай сылдыра,<br>Желпін, желпін жел соқтыр!<br>Тауда тұман тұрмасын,<br>Көкте бұлт ыдыра!<br>Тыңдамаған қоймасын,<br>Ойды-қырды қыдыра,<br>Құлшына тарт, домбыра!<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>МЫРЗАКӘРІМ НҰРБАҚЫТ | **"Артық құсты тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Қыстайтын құстарды сыртқы түрінен тануға жаттығу;<br>"жыл құстары" ұғымын нақтылау, олардың аттарын есте сақтау, қыстайтын құстарды ажырату, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Барысы.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>ТОКАН ӘЛИ | Өнер туралы мақал-мәтелдер жаттау.<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>ОСПАН ӘДЕМІ | **"Көктем" тақпағын жаттау.**<br>Көктем қырға төрледі,<br>Төрт түлік мал төлдеді.<br>Бәйшешектер құлпырып,<br>Деп тұрғандай: «Көр мені!»<br>Жылы мезгіл жетіпті,<br>Тастадық біз етікті.<br>Қар көктемге жеткізбей,<br>Тауға шығып кетіпті!<br>К.Ыбырайұлы<br>**(қарым-қатынас іс-әрекет)**<br>ӘДІЛХАН МҮСЛІМ |
| Серуенге дайындық | Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. | | | | |
| Серуен | Жәндіктерді бақылау<br>Мақсаты: «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау; — Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. Бақылау барысы<br>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: -<br>Гүлдің нәрін жинайды,<br>Адамға бал сыйлайды.<br>Еңбекқорды аялайды,<br>Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара)<br>- Қанды сорып сүліктей,<br>Ызыңдап кеп шағады. Бұл қандай бүлік дой? (маса) -<br>Ызыңдап ән салып,<br>Жұп-жұқа қанаты.<br>Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын)<br>- Құжынаған жұмыскер,<br>Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа)<br>- Тор тоқуға шебер-ақ,<br>Бірақ киім тікпейді.<br>Өнері де өнер-ақ,<br>Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші)<br>Тәрбиеші сұрақтары.<br>♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер)<br>♦ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? (көбелек, құрт т.б)<br>♦ Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар)<br>♦ Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде | Ауа-райын бақылау<br>Мақсаты:Көктем мезгілінің аяғына қарай өлі табиғатта-ғы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру.<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз. А.Меңдібай<br>Мамыр айы келгенде, Дала гүлге толады. Жайнап барлық атырап, Қызық-думан болады. Бақшамызда біз еккен, Гүл шоқтары гүлдейді. Жапырақтар сыбдырлап, «Қандай көркем, көр»-дейді.<br>Тәрбиеші аулаға ерте көктем көрнісі бейнеленген сурет алып шығып, балалармен әңгіме өткізеді.<br>♦ Балалар, қараңдаршы, мына суретте жылдың қай мезгілі суреттелген? (көктем).<br>♦ Ал, сендер суреттен не көріп тұрсыңдар? (қар еріп жатыр,жер су болып жатыр, балалар құстарға ұя жасап жатыр)<br>♦ Қар неліктен ериді, адамдар неліктен жеңіл киінеді? (күн жылығандықтан)<br>♦ Ал, көктемнің бұл мезгілін қалай атаймыз? (ерте көктем)<br>♦ Ерте көктем мен қазіргі мамыр айындағы табиғат көнісінде, ауа-райында өзгешелік бар ма? Қандай? | Гүлзарды бақылау Мақсаты:<br>— Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту; — Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақтау; — Табиғатты сүюге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу.<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді<br>♦ Қандай үй гүлдерін білесіңдер?<br>♦ Қандай дала гүлдерін білесіңдер?<br>♦ Олардың қандай айырмашылығы бар?<br>♦ Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге?<br>♦ Сендердің үйлеріңде гүл бар ма? Қандай?<br>♦ Оларды қалай күтесіңдер?<br>♦ Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек?<br>♦ Біздің гүлзарға отырғызуға арнап топта өсіріп жатырған гүлдеріміз қалай аталады?<br>♦ Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек?<br>♦ Осы кезде бізге гүлді неге аулаға отырғызуға болмайды?<br>♦ Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбіл гүлдер бір жылдық деп аталады?<br>Еңбек:<br>Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалау, қопсыту).<br>Мақсаты:<br>— Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау;<br>— Гүлдердің өсуі туралы | Велосипедті бақылау<br>Мақсаты: велосипедтің қажеттілігі туралы білімдерін тиянақтау.<br>Бақылау барысы<br>Балаларға жұмбақ жасыру Бірде екі дөңгелекті, Бірде үш дөңгелекті. Қажет кезде онымен, Қызыққа да батасың, Артып алып сөмкеңді, Серуендеп те қайтасың. (велосипед)<br>Балаларға сұрақтар.<br>♦ Балалар, велосипедтер қандай болады? (балаларға және үлкендерге арналған)<br>♦ Олардың қандай айырмашылығы бар? (көлемімен және дөңгелегімен)<br>♦ Велосипед қандай бөліктерден тұрады?<br>♦ Велосипедте жүру қиын ба?<br>♦Қалай ойлайсыңдар, велосипедпен жүру үшін жол ережесін білу керек пе?<br>♦Велосипедтің машинадан қандай айырмашылығы бар ?<br>♦Велосипедпен бір уақытта неше адам жүруге болады ?<br>Еңбек<br>Алаңға баратын жолдарды қоқыстардан тазалау.<br>Мақсаты: бірлесе жұмыс | Құмырсқаларды бақылау<br>Мақсаты: — Құмырсқалар туралы білімдерін тиянақтау; — Зерттеу жұмысына деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Бақылау барысы Көркем сөз «Құмырсқа» Г. Өкеев Құжынаған құмырсқа, Ұйымшыл-ақ өздері. Шығады ерте жұмысқа. Жүкпен қайтып қашықтан, Нелер шебер табылып, Илеуіне асыққан. Жасайды илеу жабылып. Бәрі еңбекпен шынығар, Жылт-жылт етіп көздері, Ісін тындырып тынығар. Балаларға сұрақтар ♦ Құмырсқалардың адамдарға және орманға қандай пайдасы бар? (зиянда жәндіктерді құртады ♦ Орманның қандай тұрғыны құмырсқа мен оның көбелектерін (личинкаларын) жеуге құмар? (аю мен тоқылдақ)<br>♦ Құмырсқасыз жер болмайды. Құмырсқаларды «ағаш дәрігерлері» деп те атайды. Олар ағаштарды зиянды жәндіктерден қорғайды. Құмырсқалар өте еңбекқор, олар өздерінен бірнеше есе үлкен нәрселерді илеулеріне сүйретіп тасиды. Құмырсқалардың илеуінің тесігі төбесінде болады. Құмырсқалар өз илеуінен ешқашан адаспайды. Неліктен деп ойлайсыңдар. Құмырсқалар өз илеулерін иіскеп жүріп иісінен табады. Әр илеу өз құмырсқаларынан басқа құмырсқаларды жолатпайды. Егер басқа илеудің құмырсқасы бара қалса, оны жабылып шағып тастайды. Әр илеудің өз иісі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады)<br>♦ Жәндіктер қайда тіршілік етеді? (бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.)<br>♦ Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (ара, жібек құрты, құмырсқа).<br>♦ Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа)<br>♦ Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды)<br>♦ Зерттеу жұмысы Қанқызын тауып, оның атын атау. Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау.<br>Еңбек:<br>Алаңды қоқыстардан тазалау.<br>Мақсаты: үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын «Аюлар мен аралар».<br>Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу.<br>Жаттығу ойыны:<br>Қимылдарын дамыту.<br>Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарт | ♦ Қазір аспан көрнісі қандай? (ашық көк)<br>♦ Ағаштар бейнесі қандай болды? (барлық ағаштар жапырағы жайқалып, жап-жасыл болып тұр).<br>♦ Қыста қар жауған кезде ауа температурасы қандай еді?<br>♦ Жаңбыр қандай температурада жауады?<br>♦ Көктемнің соңғы айында табиғатта қандай өзгерістер болды?(күн шуағы молайды, гүлдер шықты, шөптер өсті, ағаштар жасыл жапыраққа малынды). Еңбек Кішкентайлар алаңын қоқыстардан тазалауға көмектесу. Мақсаты: кішкентайларға көмектесу, еңбекке деген құлшыныстарын арттыру.<br>Қим. ойын «Үшінші артық».<br>Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту.<br>Мақсаты:<br>— Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру;<br>— Қозғалыс координацияларын сақтау;<br>Мақал-мәтел<br>-Сәуір айы-су айы,<br>Мамыр айы- гүл айы. -<br>Көктемгі жауын артық болмас. | білімдерін қалыптастыру.<br>Қимылды ойын «Қай топ тез жиналады?».<br>Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру.<br>Жаттығу ойыны «Құлап қалма».<br>Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттықтыру.<br>Мақал-мәтел:<br>- Әр гүлдің иісі әр басқа.<br>- Гүл-араға, бал-балаға.<br>- Қызыл гүл көзге алыстан шалынар. | істеуге деген құлшыныстарын қалыптастыру.<br>Қимылды ойын «Теңге алу».<br>Мақсаты: ептілікке, жылдамдыққа, жеңіске жетуге деген құштарлыққа баулу.<br>Жаттығу ойыны<br>Затты нысанаға лақтыру.<br>Мақсаты: қол күштерін, көз өлшемін, объктіні бағдарлай білулерін дамыту.<br>Мақал:<br>Жолда жүрсең, сақ жүр. | болады. Құмырсқалар тек қана ағаштардағы құрттардықұртып қана қоймайды, олар құстарға да көмектеседі. Құстар құмырсқаның илеуінің үстіне қанатын жайып отырады, құмырсқалар оларды үстеріндегі биттер мен бүргелерден тазалайды. Құмырсқалардан бөлініп шыққан өткір қышқыл иістен көпке дейін құстарға бит, бүргелер жоламайды. Құмырсқаның қышқылынан дәрі-дәрмектер де жасайды. Құмырсқалар залалсыз, дәрменсіз жәндік болғандықтан оларға тиіспеуіміз керек.<br>♦ Құмырсқалардың қандай пайдасы бар?<br>♦ Олар өз илеулерін қайда салады?<br>♦қане біздің құмырсқалар қалай жұмыс істеп жүр екен, қарайықшы! (олар өздінің ізімен, бірінен соң бірі илеулеріне қарай ағылуда) Зерттеу қызметі Құмырсқалардың бір жолына құм, бір жолына қант себу. Олардың қалай әрекет ететінін бақылау. Еңбек Ойын алаңын тазалау. Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білулерін жалғастыру. Қимылды ойын «Итеріспек». Мақсаты: — Белгілі бір кеңістікте жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру; — Ұлттық ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту.<br>Мақсаты: оң және сол аяқпен секіруге жаттықтыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалардың үйге қайтуы | Ата-аналарға кеңес: «Баланы қоршаған әлемді танып білуге дағдыландырыңыз?» | Ата-аналарға кеңес: «Баланың дұрыс тамақтануын қадағалауға арналған кеңес» | «Балаңыздың сүйікті асын білесізбе?» | Табиғат аясындағы серуен | Үйге берілген тапсырмаларды орындатуға уақыт бөлу. |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы:ЖШС «Лаяна»балабақшасы

Топ:**»Радуга» ересек тобы**

Балалардың жасы - **4 жастағы балалар**

**Жоспардың құрылу кезеңі: 25.05-29.05.2026 жыл**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Д/О «Қонақжайлық» Мақсаты:Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға үйрету. (**Тіл дамыту**) | Д/О «Аспаптар дүкені» Мақсаты:Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету (**Тіл дамыту**) | | Д/О «Ауа райы» Мақсаты:Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету. (**Тіл дамыту**) | Д/О «Табиғат» Мақсаты:түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бойынша әңгімелер құрастыруға (**Тіл дамыту**) |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-анаға баланы балабақшаға кешікпей әкелуін қадағалау. Ата-ананың балаға балабақшаға ойыншық беріп жібермеуін қадағалау | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Аудио кітаппен балалардың қызығушылығын арттырады, зейін тыңдауға, қазақ тіліндегі тән дыбыстарды айтуға қалыптастырады. **(Адал азамат)**<br><br>Д/О «Салыстыр» | «Балалар кітапханасы» жобасы аясындағы балалар кітапханасы. **(Адал азамат)**<br><br>Д/О «Салыстыр» Мақсаты:заттарды жұппен қою арқылы оларды | | «Кітап – менің қазынам» жобасы аясындағы балалар кітапханасы **(Адал азамат)**<br><br>Д/О «Салыстыр» Мақсаты: биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына | «Жас тыңдарман» жобасы аясындағы балалар кітапханасы **(Адал азамат)**<br><br>Д/О«Салыстыр» Мақсаты:екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсаты:Ұзындығы, ені және биіктігі бойынша екі затты салыстыру (**Математика негіздері**)<br><br>Д/О «Бақылау күнтізбесі» Мақсаты:Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну. (**қоршаған әлеммен таныстыру** )<br><br>Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене тәрбиесі құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. | санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу (**Математика негіздері**)<br><br>Д/О «Эксперемент» Мақсаты:ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау. (**қоршаған әлеммен таныстыру** )<br><br>Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. | | қою тәсілдерін қолданып, заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін биік-аласа, сын есімдер-мен белгілеу. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру (**Математика негіздері**)<br><br>Д/О «Қауіпсіздік ережесі» Мақсаты:Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау) өзін дұрыс ұстауға үйрету. (**қоршаған әлеммен таныстыру** )<br><br>Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене тәрбиесі құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. | бойынша заттарды салыстыру, салы-стыру жуанжіңішке сын есімдер-мен белгілеу. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру (**Математика негіздері**)<br><br>Д/О «Бақылау күнтізбесі» Мақсаты:Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну. (**қоршаған әлеммен таныстыру** )<br><br>Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. |
| Таңертенгі жаттығу | **Таңертенгі жаттығу / затсыз**<br>1. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу.<br>2. Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты).<br>3. Оңға, солға еңкею, шалқаю.<br>4. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, төмен түсіру.<br>5. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру.<br>**6.** Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру.<br>**7.** Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру.<br>8. Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бір қырымен жүру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру. **Дене тәрбиесі** | | | | |
| Таңғы ас | Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | **Д/О: "ДҰРЫСЫН ТАҢДА"**<br>Мақсаты: балалардың кейбір қасиеттері бойынша ұқсас, ал басқаларынан ерекшеленетін заттарды абстракциялау, жалпылау, бөліп көрсету, заттарды немесе бейнелерді салыстыру, салыстыру қабілеттерін дамыту.<br>**(Экологиялық тәрбие)**<br><br>Д/О «Театр көрінісі»<br>Мақсаты:Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. (**қазақ тілі**)<br><br>Д/О «Би әлемі»<br>Мақсаты:Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау.<br>(**музыка**) | **Д/О: "су қоймасының қоректік тізбектері" ойыны**<br>Мақсаты: балалардың су қоймасының қоректік тізбектері туралы білімдерін бекіту.<br>Ойын барысы:<br>Тәрбиеші су айдыны тұрғындарының сұлбаларын ұсынады және балалардан тамақтану үшін кімге қажет екенін жариялауды сұрайды. Балалар карточкаларын жайып салады:<br>**(Экологиялық тәрбие)**<br><br>Д/О«Аспаптар дүкені»<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету. Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету. (**қазақ тілі**)<br><br>Д/О «Би әлемі»<br>Мақсаты: билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану<br>(**музыка**) | | **Д/О: "фотограф"**<br>Мақсаты: баланың табиғатпен тікелей қарым-қатынас жасау тәжірибесін алуын қамтамасыз ету.<br>Ойын барысы:<br>"Мен суретке жақсы түсемін бе".<br>Балалар жұп болып бөлінеді. Бір бала – "фотограф", екіншісі- "фотоаппарат". "Фотограф" "камераны" табиғаттың қандай да бір объектісіне бағыттайды, "суретке түсіреді" (құлағын сәл тартады), бұрын"суретке түсіргісі келетінін"ойлаған.<br>**(Экологиялық тәрбие)**<br><br>Д/О «Туыстық қарым-қатынас»<br>Мақсаты:Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «нағашы») білдіретін сөздерді үйрету. (**қазақ тілі**)<br><br>Д/О «Би әлемі»<br>Мақсаты:музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру;<br>(**музыка**) | **Д/О: "Микрокөрсетілім"**<br>Мақсаты: балаларды табиғатты "көруге" үйрету (оның ұсақ-түйектерін байқап, сезіну).<br>Ойын барысы:<br>Ойын табиғатта ойналады. Тәрбиеші жерге "соқпақ" төсейді (кәдімгі арқан қолданылады). Балалар осы соқпақ бойымен серуендеуге шығады (арқанның жанынан өтіп, оның қисықтарын қайталайды) және бір уақытта келесі тапсырмаларды орындайды. Жол бойында шөптің неше сары жүзін кездестіргеніңізді есептеңіз. **(Экологиялық тәрбие)**<br>Д/О «Туыстық қарым-қатынас»<br>Мақсаты:Туыстық қарым-қатынасты («жеңге», «жезде») білдіретін сөздерді үйрету.(**қазақ тілі**)<br><br>Д/О«Би әлемі»<br>Мақсаты:музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру. (**музыка**) |
| ББҰкестесі бойынша ұйымдастырылған іс әрекет | **Музыка**<br>**Тақырыбы: «Қайталау»**<br>**Мақсаты:** Балаларды музыкадағы бейнелерді, әнді тыңдау арқылы ажырата білуге үйрету. Тыңдау қабілеттерін арттыру.<br>**1.Музыка залында балаларды көңілді** | **Музыка**<br>**Тақырыбы: «Қайталау»**<br>**Мақсаты:** Балаларды музыкадағы бейнелерді, әнді тыңдау арқылы ажырата білуге үйрету. Тыңдау қабілеттерін арттыру.<br>**1.Музыка залында** | | **Дене тәрбиесі**<br>**Мәдени-гигеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>**Мақсаты:** Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақанымен жуу, ересектердің көмегімен беті- | **Дене тәрбиесі**<br>**Жүру және тепе-теңдік сақтау жаттығулары.**<br>**Мақсаты:** Педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру, қарқынды өзгерте отырып жүру, бағытты өзгерте отырып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **музыкамен қарсы алу.** Музыкалық жетекші әнді орындап береді және балалардан сол әнге байланысты суретті таңдап көрсетулерін өтінеді. Бала неге сол суретті таңдап алғанын, ол суретте ненің бейнеленгенін, әннің не туралы айтылып тұрғанын айтып береді.<br>**2. Музыкалық-ырғақты қимыл:**<br>**Лентамен жаттығу.**<br>1.Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру, қайта түсіру.<br>2.Қолды жоғары көтеріп денені оңға , солға иілту.<br>3.Лентаны жоғары көтеріп орындарында тұрып айналу. | **балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.** Музыкалық жетекші әнді орындап береді және балалардан сол әнге байланысты суретті таңдап көрсетулерін өтінеді. Бала неге сол суретті таңдап алғанын, ол суретте ненің бейнеленгенін, әннің не туралы айтылып тұрғанын айтып береді.<br>**2. Музыкалық-ырғақты қимыл:**<br>**Лентамен жаттығу.**<br>1.Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру, қайта түсіру.<br>2.Қолды жоғары көтеріп денені оңға , солға иілту.<br>3.Лентаны жоғары көтеріп орындарында тұрып айналу. | | қолдарын сүрту.<br>Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>**ЖДЖ:** Тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою.<br>**Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:**<br>1.Бірнеше доға астынан еңбектеу.<br>2. Допты қақпа арқылы домалатуды қайталау.<br>**Ойын:** «Апандағы аю» ойынын ойнау.<br>**Қорытынды:** «Денені еркін ұста» баяу әуен ырғағымен демалу. | жүру, жүруден жүгіруге ауысу, Алақан мен тізеге тіреле, тура бағытта еңбектеу. Берілген белгіге көңіл аударуға дағдыландыру. Табан, тізе бұлшықеттерін нығайту.<br>**ЖДЖ:** Тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою.<br>**Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:**<br>1. Алақан мен тізеге тіреле, тура бағытта еңбектеу.<br>**Ойын:** «Қояным, қояным тұршы» ойынын ойнау.<br>**Қорытынды:** «Бокс» тыныс алу жаттығуы<br><br>**Қазақ тілі**<br>**«Ертегі әлемі»**<br>**Мақсаты:** Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің ісәрекетіне өз ойын білдіруге баулу |
| 2- таңғы ас | Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын, майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. | | | | |
| Серуенге дайындық | Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. | | | | |
| Серуен | Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау. | | | | |
| | Найзағайды бақылау<br>Мақсаты: — «Найзағай» ұғымымен таныстыру; — | Кемпірқосақты бақылау<br>Мақсаты: өлі табиғаттың бір бөлігі ретінде | | Желді бақылау<br>Мақсаты: - жел туралы түсініктерін бекіту; - жел | Сутоғанды бақылау<br>Мақсаты: мұздың қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Табиғат құбылыстары туралы шынайы түсініктерін қалыптастыру; — Сөздік қорларын байыту; — Бақылағыштықтарын дамыту. Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады - Аспанда от қамшы осады, Ащы үнін ышқынып қосады. - Дүрліктіріп алапты, Шақпақ тастың жарқылы, Бұлт көрпесін жыртады. ♦ Балалар, бұл жұмбақтардың шешуі не екен? ♦ Найзағай қай кезде ойнайды? ♦ Аспан неге күркірейді? ♦ Күн күркіреп, найзағай ойнаған кезде табиғатта қандай құбылыс болады? (жаңбыр жауады) ♦ Найзағай ойнап, жаңбыр жауғанда құрт-құмырсқалар не істейді? (індері мен илеулеріне тығылады) ♦ Қалай ойлайсыңдар, найзағай неден пайда болады? Ауа-райы нашар болған кезде бұлттар арасында электр тогы жиналады. Найзағай-бұл үлкен электр тогының ұшқыны. Ұшқындар айналадағы ауаны қыздырады. Ыстық ауа салқын ауамен соқтығысады да, күннің күркіреуі пайда болады.күн күркіреген кездегі найзағай өте қауіпті. Найзағай жалғыз тұрған, биік заттарға жиі түседі. Сондықтан да найзағай ойнап тұрған кезде ағаштың астына тұруға болмайды. Зерттеу қызметі Жәй жаңбыр мен найзағайлы жаңбырды | кемпірқосақ туралы түсініктерін қалыптас-тыруды жалғастыру. Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады. - Жарқылдан соң жаңағы, Суға бөкті бар алап. Көкте түрлі жолақты, Өрнек тұрды ғаламат. (кемпірқосақ) - Жаңбыр жуды жерімді, Көкте өрмек керілді. (кемпірқосақ) Жаңбыр жауып, күннің көзі көрініп тұрған мезгілде аспаннан кемпірқосақты байқауға болады. Ол жаңбыр тамшылары арасынан күннің сәулесі өткен уақытта көрінеді. Жаңбыр тамшылары неғұрлым үлкен болса, кемпірқосақ соғұрлым анық көрінеді. Кемпірқосақта жеті түс бар: қызыл, қызғылт, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін. Бұлар барлық уақытта осы бір ретпен орналасады. Балаларға сұрақтар: ♦ Кемпірқосақ қай уақытта пайда болады ? І ♦ Ол қай уақытта жоғалады? ♦ Кемпірқосақ қандай құбылыс, қалай пайда болады? Тәрбиеші балаларға тапсырма береді Асфальт бетіне түрлі-түсті борлармен кемпірқосақтың суретін салу. Еңбек: Балабақша ауласын қоқыстан тазалау. | | түрлерін есте сақтау. Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: Ағаштарды шайқайды, Көзге көрінбейді. Шарлағанда сай-сайды, Бір сәт ерінбейді. (жел) Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды: ♦ Желдің қандай түрлері болады? ♦ Жел неге соғады? Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды. ♦ Барынша қатты желдердің атын ата? (дауыл, құйын, бұрқасын, боран.) ♦ Әлсіз желді қалай атайды?(«самал жел» деп атайды) ♦ Желдің ізін көруге болады ма? Зерттеу жұмысы Компас арқылы желдің | Бақылау барысы Күн өткен сайын көктем қысты ысырып, өз жылуын алып келуде. Көктемнің ең бірінші жеңісі-жерді жібітеді. Алдымен қары еріген алаңқайлар пайда болады, өгей шөптер өсіп шығады. ал, екінші жеңісі-өзен-көлдердің ери бастауы. Жердегі, қар үйінділеріндегі қарлар еріп, сай-саланы қуалап, өзенге барып құяды. Өзен сулары көтеріліп, мұзды жарады. Жарылған мұздар ағыспен бір-біріне соқтығады. Мұздар жарылып, өзендер арнасынан асқан кезде ауа температурасы кенет төмендейді. Ал, сутоғандардағы мұздар ұзақ уақыт тұрады. Себебі онда ағыс жоқ, су қозғалмайды. Бұл жерде мұздар жарылмайды, біртіндеп ериді. Зерттеу жұмысы. Сутоғандағы мұздың қалыңдығын мұз өлшегіш құралмен өлшеу. Тоған бетіндегі мұздың еруін бақылау Еңбек Ауланы қоқыстан, сынған бұталардан тазалау. Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын тәрбиелеу. Қимылды ойын «Қасқыр қақпан» Мақсаты: — белгі бойынша әрекет етуге үйрету; — ойын шартын сақтап ойнауға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | салыстыру, ұқсастықтыры мен айырмашылықтарын табу. «Найзағайлы жаңбыр» Ө. Ақыпбекұлы Нөсерлеп жаңбыр басталды, Науада қалқып қақ қалды. Найзағай тынбай жарқылдап, Нөсер тұр құйып сатырлап. - Найзағайлы жаңбырды қалай атайды екен? (нөсер) Еңбек 1 топ- ауланы тырмамен тазалау; 2 топ- қоқыстарды шығару Мақсаты: — Шағын топтарға бөлініп жұмыс істеуге үйрету; — Ұжыммен жұмыс істеуге, жұмыс нәтижесіне жетуге деген ынталарын арттыру. Қимылды ойын «Өз ағашыңды тап». Мақсаты: ағаш аттарын есте сақтауға, зейінді, байқағыш және жылдам болуға үйрету. Жаттығу ойыны «Ағаштан ағашқа дейін». Мақсаты: екі аяқпен және бір аяқпен секіруге жаттықтыру Халық болжамы: - Ерте көктемде найзағай ойнап, күн күркіремесе, жаз құрғақ болады. - Қарлығаш келсе күн күркірейді. | Мақсаты: аула тазалаушыға көмек беру, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Қимылды ойын «Қасқыр қақпан». Мақсаты: Ойын шартының дұрыс орындалуын бақылау, ойын кезінде байқампаз болуға баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: арқасымен алға қарай жүруге жаттықтыру. Халық болжамы. Кемпірқосақ кешке көрінсе, ертесіне күн ашық болады | | бағытын анықтау. Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау. Еңбек Гүл өсіретін (клумба) алаңды дайындау Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау. Қимылды ойын «Кім жылдам?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту. Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру. Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту. Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады. | баулу; Жаттығу ойыны Ұзындыққа секіру. Мақсаты: ұзындыққа секіруге жаттықтыру. |
| Серуеннен оралу | Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. | | | | |
| Түскі ас | Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, қол орамалды пайдалануды үйрету. | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары | Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну жетілдіру. Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Бесін ас | Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, қол орамалды пайдалануды үйрету. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Д/О: **"Төртінші қосымша"**<br>**Мақсаты:** өртті тудыруы мүмкін заттар туралы білімдерін бекіту.логикалық ойлау қабілетін дамыту, балалардың сөздік қорын байыту.<br>**Ойын барысы:**бір карточкада бейнеленген ұсынылған төрт суреттің ішінен бала өртке байланысты немесе байланысты емес артығын таңдайды. Мысал – қазандық, тарақ, кастрюль, сандық; кілем, теледидар, сурет, орындық және т.б.)**(Қауіпсіздік дағды)**<br><br>Тақырыбы:Арыстан мен тышқан ертегісі.<br>Мақсаты:еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру.<br>(**көркем әдебиет**)<br><br>Тақырыбы:Арыстан мен тышқан ертегісі.<br>**Сурет салу**<br>Мақсаты:Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу<br><br>**Мүсіндеу**<br>Мақсаты:Балалардың көлемді | Д/О: «Не артық?»<br>Мақсаты: Балаларды қауіп қатердің алдын алуға, өмірге қауіп төндіретін заттарды тануға, олардың денсаулығымызға, өмірімізге төндіретін қатерін түсіне білуге үйрету. Ойынның жүрісі: Балаларға карточкаларды ұсыну немесе суреті төмен қарап тұрған карточкалардан таңдатып, ондағы заттардың ішіндегі артық затты атату, неліктен артық екенін сұрау. **(Қауіпсіздік дағды)**<br><br>Тақырыбы:Алтын бала (әңгіме)<br>Мақсаты:халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру. (**көркем әдебиет**)<br><br>Тақырыбы: «Аспаптар дүкені»<br>**Сурет салу**<br>Мақсаты:<br>Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан | | Д/О: **"Оны ретке келтір"**<br>**Мақсаты:** Балаларды өрт кезіндегі іс-қимыл тәртібімен таныстыру.<br>**Ойын барысы:** суреттері бар карточкалар қолданылады:<br>• Өрт туралы "01" телефонына хабарлама;<br>• Адамдарды эвакуациялау;<br>• Өрт сөндірушілер келгенге дейін ересектердің өртті сөндіруі, егер бұл қауіпті болмаса**;**<br>• Өрт сөндірушілердің кездесуі;<br>• Өрт сөндірушілердің жұмысы;<br>**(Қауіпсіздік дағды)**<br><br>Тақырыбы:Көктем сәні (ертегі)<br>Мақсаты:Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға<br>(**көркем әдебиет**)<br><br>Тақырыбы:Ертегі әлемі<br>**Сурет салу**<br>Мақсаты:Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар | Д/О: **"Егер өрт шықса"**<br>**Мақсаты:** балалардың өртті қауіпсіз пайдалану ережелері туралы білімдерін бекіту.<br>**Ойын тапсырмасы:** балаларды жұмбақ өлеңді аяқтау үшін рифмаға үйрету.<br>**Ойын ережелері**: балалар қол ұстасып шеңбер құрады, оның ортасында қолында шар (доп) бар Тәрбиеші тұрады. Ол өлең жолдарын айтады және соңғы сөзге кідіріп, допты (допты) балаға береді, ол сөзді тез аяқтап, допты тәрбиешіге қайтарады. **(Қауіпсіздік дағды)**<br><br>Тақырыбы:Қарлығаш пен Дәуіт (ертегі)<br>Мақсаты:еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру<br>(**көркем әдебиет**)<br><br>Тақырыбы:Ұлттық ою-өрнек<br>**Сурет салу**<br>Мақсаты:Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру<br><br>**Жапсыру**<br>Мақсаты:Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, безендіру дағдыларын дамыту. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру<br><br>**Құрастыру**<br>Мақсаты:Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырла-рын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру | шықпай ырғақты түрде бояу. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу.<br><br>**Мүсіндеу**<br>Мақсаты:Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынта-ландыру<br><br>**Жапсыру**<br>Мақсаты:Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойы-мен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету<br><br>**Құрастыру**<br>Мақсаты:Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ертұрман,), таныстыру, олардың қандай материалдан жа-салғанын зерттеу | | мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу<br><br>**Мүсіндеу**<br>Мақсаты:Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.<br><br>**Жапсыру**<br>Мақсаты:Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойы-мен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету<br><br>**Құрастыру**<br>Мақсаты:«оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру. | сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу<br><br>**Мүсіндеу**<br>Мақсаты:Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.<br><br>**Жапсыру**<br>Мақсаты:Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру<br><br>**Құрастыру**<br>Мақсаты:Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру |
| Балалармен жеке жұмыс | **БАЗАРБАЙ ЗЕРЕ**<br>**Дид. ойын. "Қарама-қарсы сөздер" (уақыт)**<br>Балаларды айнйладағы адамдар, заттар мен құбылыстардың қасиеттері туралы білімдерін тереңдету, тиянақтау; ой шапшаңдығына, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; сөздік қорды байыту; эрудиция | **Санамақтар айтқызу.**<br>"Кел, санайық санамақ".<br>Бір, екі, үш,<br>Бір, екі, үш,<br>Ал, кәнеки, үш!<br>Төрт, бес, алты, жеті,<br>Төрт, бес, алты, жеті,<br>Мынау - ауыл шеті.<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Сегіз, тоғыз, он, | | ТАЛҒАРҚЫЗЫ РАЯНА<br>Жарқырап тұр күніміз<br>Жайқалсын жас гүліміз,<br>Бақта бұлбұл сайрасын.<br><br>Сәнді көктем нұрымен<br>Наурыз тойы - жырымен<br>Көңіл гүлдей жайнасын.<br>(Ә. Табылдиев)<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **"Сыпайы сөздер" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың өзін-өзі ұстау мәдениетін, сыпайылықты, әрқайсысына деген құрмет сезімін, досқа, бір-біріне көмектесуге деген ұмтылысқа тәрбиелеу.<br>Барысы. Педагог балаларға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабілеттеріне тәрбиелеу.<br>Балалар педагог ұсынған әрбір сөзіне қарама-қарсы сөздерді атап отыруы тиіс.<br>- Таңертең - (кешке).<br>- Кеше - (ертең).<br>- Жазда - (қыста).<br>- Түнде - (күндіз). **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)** | Ал, кәнеки, қон!<br>Асықпа да саспа,<br>Бірден қайта баста.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекет)**<br>ӘДІЛХАН МҰСЛІМ | | | әртүрлі сюжеттер бейнеленген суреттерді көрсетеді және сұрақтар қояды. Балалар сұрақтарға толық жауап береді.<br>**(тіл дамыту)**<br>НҰРБЕК АДИНА |
| Серуенге дайындық | Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. | | | | |
| Серуен | Найзағайды бақылау<br>Мақсаты: — «Найзағай» ұғымымен таныстыру; — Табиғат құбылыстары туралы шынайы түсініктерін қалыптастыру; — Сөздік қорларын байыту; — Бақылағыштықтарын дамыту.<br>Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады<br>- Аспанда от қамшы осады,<br>Ащы үнін ышқынып қосады.<br>Дүрліктіріп алапты,<br>Шақпақ тастың жарқылы,<br>Бұлт көрпесін жыртады.<br>♦ Балалар, бұл жұмбақтардың шешуі не екен?<br>♦ Найзағай қай кезде ойнайды?<br>♦ Аспан неге күркірейді?<br>♦ Күн күркіреп, найзағай ойнаған кезде табиғатта қандай құбылыс болады? (жаңбыр жауады)<br>♦ Найзағай ойнап, жаңбыр жауғанда құрт-құмырсқалар не істейді? (індері мен илеулеріне тығылады)<br>♦ Қалай ойлайсыңдар, найзағай неден пайда болады? Ауа-райы нашар болған кезде бұлттар | Кемпірқосақты бақылау<br>Мақсаты: өлі табиғаттың бір бөлігі ретінде кемпірқосақ туралы түсініктерін қалыптас-тыруды жалғастыру.<br>Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады. - Жарқылдан соң жаңағы, Суға бөкті бар алап. Көкте түрлі жолақты, Өрнек тұрды ғаламат. (кемпірқосақ) - Жаңбыр жуды жерімді, Көкте өрмек керілді. (кемпірқосақ) Жаңбыр жауып, күннің көзі көрініп тұрған мезгілде аспаннан кемпірқосақты байқауға болады. Ол жаңбыр тамшылары арасынан күннің сәулесі өткен уақытта көрінеді. Жаңбыр тамшылары неғұрлым үлкен болса, кемпірқосақ соғұрлым анық көрінеді. Кемпірқосақта жеті түс бар: қызыл, қызғылт, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін. Бұлар барлық уақытта осы бір ретпен | | Топырақты бақылау<br>Мақсаты: торф топырағының қыртысымен таныстыру . Бақылау барысы Біздің айналамызда шалшық көп. Ал, шалшықтар торфқа (шымтезек) бай болады. Торф-бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын.ол қатты қызған кезде тез тұтанады. Торф дымқыл, жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол ауыр. Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф үстімен өтсең, ол аяққиіміңе жабысып қалады. Сондықтан да бұндай соқпақпен (жолмен( жүрмеген дұрыс. Торфты атызға (жүйек) және ағаш түптеріне тыңайтқыш ретінде қосады.. Зерттеу жұмысы Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін салыстыру. Құммен торфты салыстыру; Жер қыртысы қай жерде тез кебеді. Еңбек Ағаш түптері мен атызға торф тасу. Мақсаты: торфтың пайдалы қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау. Қимылды ойын «Аққу- | Бақбақ гүлін бақылау<br>Мақсаты: бақбақ гүлі туралы білімдерін тиянақтау (гүлдеудің алғашқы кезеңіне көңіл аудару ); — табиғатты қорғау және сақтауға деген ынталары мен іскерліктерін қалыптастыру; — емдік өсімдіктер туралы білімдерін тиянақтау. Бақылау барысы Көркем сөз. Аппақ, аппақ бақбақтар, Үлбіреген бақбақтар, Құдды киіз ақ үйлер. Парашюттен аумайды. Төнеді кеп жан-жақтан, Сәл-пәл самал жел соқса, Тамашалап сәбилер. Ақ ұлпалар заулайды. Кәдімгі бақбақ көктемнің тұңғышы. Халық оны «Жер күні», «денсаулық эликсирі» деп атайды. Бақбақ көп жылдық шөптес өсімдік. Олар көбінесе үлкен жүргінші жол бойында, егістікте, шабындықта, жаңа тыңая бастаған жерлерде өседі. Бақбақтың гүлді сабақтары жапырақсыз, ең ұшында бір ірі гүл табақшасы болады. Бақбақ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арасында электр тогы жиналады. Найзағай-бұл үлкен электр тогының ұшқыны. Ұшқындар айналадағы ауаны қыздырады. Ыстық ауа салқын ауамен соқтығысады да, күннің күркіреуі пайда болады.күн күркіреген кездегі найзағай өте қауіпті. Найзағай жалғыз тұрған, биік заттарға жиі түседі. Сондықтан да найзағай ойнап тұрған кезде ағаштың астына тұруға болмайды. Зерттеу қызметі Жәй жаңбыр мен найзағайлы жаңбырды салыстыру, ұқсастықтыры мен айырмашылықтарын табу. «Найзағайлы жаңбыр» Нөсерлеп жаңбыр басталды, Науада қалқып қақ қалды. Найзағай тынбай жарқылдап, Нөсер тұр құйып сатырлап. - Найзағайлы жаңбырды қалай атайды екен? (нөсер) Еңбек 1 топ- ауланы тырмамен тазалау; 2 топ-қоқыстарды шығару Мақсаты: — Шағын топтарға бөлініп жұмыс істеуге үйрету; — Ұжыммен жұмыс істеуге, жұмыс нәтижесіне жетуге деген ынталарын арттыру. Қимылды ойын «Өз ағашыңды тап». Мақсаты: ағаш аттарын есте сақтауға, зейінді, байқағыш және жылдам болуға үйрету. Жаттығу ойыны «Ағаштан ағашқа дейін». Мақсаты: екі аяқпен және бір | орналасады. Балаларға сұрақтар: ♦ Кемпірқосақ қай уақытта пайда болады ? I ♦ Ол қай уақытта жоғалады? ♦ Кемпірқосақ қандай құбылыс, қалай пайда болады? Тәрбиеші балаларға тапсырма береді. Асфальт бетіне түрлі-түсті борлармен кемпірқосақтың суретін салу. Еңбек: Балабақша ауласын қоқыстан тазалау. Мақсаты: аула тазалаушыға көмек беру, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Қимылды ойын «Қасқыр қақпан». Мақсаты: Ойын шартының дұрыс орындалуын бақылау, ойын кезінде байқампаз болуға баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: арқасымен алға қарай жүруге жаттықтыру. Халық болжамы. Кемпірқосақ кешке көрінсе, ертесіне күн ашық болады | | қаздар». Мақсаты: берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау. Жаттығу ойыны Секіргіш жіппен жаттығу ойындары. Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету. Мақал-мәтел: Жері байдың-елі бай. Қара жерге де, қамқорлық керек. | басын күн қызуына қарай бұрады. Күн батқан кезде гүл жапырақтары жабылып қалады, ал, таңертең күн сәулесімен бірге ашылады. Бақбақ-тың гүл оралғысы екі қабат. Сәуір айынан қыр-күйек айына дейін гүлдейді. Гүл жарып болған кезде гүлдері ұлпа үлпілдек «парашюттерге» ай-налады. Бақбақтың барлық бөлігі, әсіресе сабағы сүт сымаққа бай. Бақбақ дәрілік өсімдік. Дәрі жасау үшін бақбақтың тамырын, гүлін, жапырағын пайдаланады. Бақбақтан жасалған дәрілер тәбетті ашуға, ас қорытуға, қан қысымын түсіруге, қатты ісіктерді басуға, ыстықты түсіруге тағы басқа көптеген ауруларды емдеуге пайдаланады. Бақбақты ең қажет дәрілік өсімдік ретінде сақтап, қорғау керек. Балаларға сұрақтар. ♦ Бақбақ гүлінің түрі қандай?? ♦ Ол жылдың қай мезгілінде әдемі болып көрінеді? ♦ Бақбақтың қандай лақап аттары бар? ♦ Бақбақты неге дәрілік өсімдік дейміз? Мақсаты:Үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Қимылды ойын «Өз гүліңді тап». Мақсаты: — түстерді айыра білуге, белгі бойынша әрекет етуге үйрету. Жаттығу ойыны. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аяқпен секіруге жаттықтыру<br>Халық болжамы:<br>- Ерте көктемде найзағай ойнап, күн күркіремесе, жаз құрғақ болады.<br>- Қарлығаш келсе күн күркірейді. | | | | Қимылдарын дамыту<br>Мақсаты:- Қимыл белсенділіктерін арттыру; - Ұзындыққа секіруге жаттықтыру. |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата-анаға кеңес: Балабақшаның тамақтану ас мәзірімен танысып баланың үйдегі тамақтануына балабақшада ішетін тамақтар түрін қосыңыз | Ата-анаға кеңес:<br>Үйдегі жағдайда баланың өзіне — өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: | | Ата-анамен балалардың тәртібі жөнінде сөйлесу | Ата-аналарға баланың тазалығы туралы айту |